

*Семей Мемлекеттік Медицина Университеті  
Қазақ және Латын тілдер кафедрасы*

**СӨЖ**

*«Дәрігердің деонтологиясы»*

*Орындаған: Қанатқызы. Г*

*131 топ ЖМ*

*Тексерген: Шакирова. Б. Т*

*Семей 2017 жыл*



# Жоспар:

1

Кіріспе

2

*Дәрігер деонтологиясы және этика*

3

*Дәрігердің коммуникативті дағдыларды жүргізу дәрежесін бағалау*

4

Қорытынды


5


Пайдаланылған әдибиеттер тізімі



# *Кіріспе:*

- Дәрігердің коммуникативті дағдыларды жүргізе алу дәрежесі дәрігердің науқаспен, әріптестерімен жақсы қарым-қатынас құра алуына оң әсерін тигізері сөзсіз. Емхана дәрігері коммуникативті дағдыларды жоғары дәрежеде жүргізе алса, бұл емхананың да, дәрігердің де беделін асырады. Сол себепті, дәрігер басқа дәрігердің де, өзінің де коммуникативті дағдыларды жүргізу дәрежесін бағалай алуы тиіс. Коммуникативті дағдыларды жүргізу дәрежесін бағалау арқылы, дәрежені одан ары арттыруға мүмкіндік аламыз. Дәрігердің коммуникативті дағдыларды жүргізуі





• *Медициналық этика (лат. ethica, грек тілінен алғанда ethice – адамгершілікті зерделеу), немесе медициналық деонтология (греч. deon – парыз; «деонтология» термині соңғы жылдардағы отандық әдебиетте кеңінен қолданылуда), – яғни бұл – медициналық қызметкерлердің кәсіби міндеттерін орындау барысындағы этикалық нормалар мен қағидалар жиынтығы.*

Деонтология терминін алғаш рет Бентам 1834 жылы адамгершілік теориясын тұтас ілім ретінде көрсету үшін енгізген. Джерми Бентам- философ, заңгер, экономист. Оның негізі еңбегі «Деонтология немесе мораль туралы ғылым»





# *Дәрігер этикасы:*

- Бүгінгі таңда дәрігер жұмыс бабына орай күнделікті көптеген әріптестерімен, медициналық орта буынды қызметкерлерімен, науқас және оның жақын туыстарымен тікелей қарым-қатынаста болады. Мұндай жағдайда, дәрігер жұмысының нәтижелілігі, қарамағындағы аурулардың тағдыры, оның әріптестерімен және басқа медициналық қызметкерлермен дұрыс қатынас құруына байланысты.



# Дәрігер этикасы:

- Науқасқа тиімді ем шараларын тағайындау үшін емдеуші дәрігер, мамандығы басқа әріптестерімен дұрыс қарым-қатынас жасауы өте маңызды болады.
- Дәрігердің коммуникативтік дағдылары, оның адамгершілік, психологиялық қасиеттеріне байланысты болады. Дәрігердің бұл қасиеті хирургиялық мамандықтарда, төтенше және жедел жәрдем көрсетуде маңызы өте зор. Мұнда дәрігердің жайлы мінез-құлқы, көңіл-күйі, шыдамдылығы, өркөкіректігі, жеңілтек мінезділігі оның әріптестерімен қарым-қатынас құруына, медициналық ұжымда қалыпты қызмет атқаруына талай қиыншылықтар тудырады және бұл жағдай жұмыс нәтижесін жоққа шығарады.



# Дәрігердің этикасы:



- Диагностикалық зерттеулер және ем шараларын жүргізуде мейірбике дәрігерге көмек көрсетіп, ол ауруға күтім шараларын жүргізіп, науқастың бақылауын тікелей өзі іске асырады. Егер, дәрігер мен мейірбикенің арасында дұрыс қарым-қатынас орнамаса, тағайындалған ем шараларын мейірбике тиісті дәрежеде орындамаса, емнің нәтижелі болуы екіталай.

# *Медициналық деонтология:*

- Науқас пен дәрігер арасындағы қарым-қатынас дәрігер жұмысында өте маңызды орын алады. Дәрігер мен науқас және оның туысқандары бір-біріне сенім тудыратын қатынас жасағанда ғана ем нәтижелі болуын күмән тумайды. Ал дәрігер мен науқас арасында дұрыс қатынас болмаған жағдайда, ем нәтижелігіне науқас күмәнданып, басқа дәрігер таңдауға мәжбүр болады. Науқас дәрігерге сенім білдірсе, қарапайым емге де күмәнсіз қарайды.





# Медициналық деонтология:

Қазіргі кезде медициналық этиканың принциптері биомедициналық этика түсінігінде тұрақталған. Ол медицина қызметкерлерінің жеке тұлғасының әлеуметтік функциясын қорғайды.


Қазіргі таңда «биомедициналық этика» үш түрде немесе модельде беріледі:

1. *Гиппократ моделі*. Бұл модельдің негізгі принципі – «зиян келтірме». Дәрігер пациенттің әлеуметтік сенімін жеңеді. Медицина атас Гиппократпен тұрақтанған дәрігерлік принципі (460-377жж.), қазіргі таңда белгілі «Антта» көрсетілген.

2. *Парацельс модельлі* (1493-1541 жж.) – «Қайырымдылық жасау», орта ғасырларда пайда болған. Оның негізгі мағынасы емдеудің барлық процессін құрайтын дәрігердің пациентпен контактісі болып табылады.

3. *Деонтологиялық модель* немесе дәрігерлік этика, 1840 ж құрылған. (авторы Петров). Негізгі принципі «міндетті орындау».

4. *Биоэтика* – дәстүрлі медицинаның заманауи түрі, негізгі принципі «адамның құқығын және мәртебесін сыйлау».



## *Медициналық деонтология:*

- Коммуникативтік дағдылар – дәрігердің жұмыс барысына байланысты басқа субъектілермен (адамдармен, науқаспен, оның жақындары және туысқандарымен, әріптестерімен, т.б) тиісті дәрежеде қарым-қатынас жасай отырып, медициналық жәрдем шараларының тиімділігі мен нәтижесін арттыру.



# *Дәрігердің коммуникативті дағдыларды жүргізу дәрежесін бағалау:*

1. Қатынас кезінде дәрігер қолданатын вербальды және вербальды емес сұқпаттасу құралдарын қаншалықты жоғары дәрежеде қолдана алды?
2. Науқас адаммен қатынаста өзіне деген сенімділікті тудыра алды ма?
3. Жедел жағдайдағы науқастарды қабылдау кезінде, оларға жедел жағдайынан шығуға қаншалықты көмектесе алды.
4. Дәрігер созылмалы сырқаттармен дұрыс жұмыс жүргізе ала ма?
5. Науқасқа, оның жақындарына қайғылы ақпаратты жеткізуді жоғар деңгейде жүргізе алады ма және отбасына қаншалықты қолдау көрсете алады.
6. Өз әріптестерімен сыйластықпен қарап, жақсы қарым-қатынас орната алады ам?
7. Орат және кіші буынды медицина қызметкерлерімен тығыз байланыста болады ма?

# Дәрігердің коммуникативті дағдыларды жүргізу дәрежесін бағалау:

- Аталған сұрақтарға жауап дәрігердің бойында болып табылса, дәрігер коммуникативті дағдыларды өте жоғары деңгейде жүргізе алады деген сөз.



Медицина






## *Қорытынды:*

- Қорыта келгенде, дәрігердің коммуникативтік дағдыларды жоғары деңгейде жүргізе алуы, оның жұмысының нәтижелі болуына оң әсерін тигізеді және әріптестерімен жақсы қарым-қатынас орнатуына ықпалын тигізеді. Дәрігердің коммуникативті дағдыларды жүргізу дәрежесін дәрігердің қарым-қатынасқа түсе алу деңгейін бақылау арқылы бағалауға болады.
- Қатынасуда субъектілер сөз, мимика және дене қимылы арқылы, бір-біріне мәлімет тасымалдап, әрекеттеседі. Вербальды коммуникация – адамдардың қатынасу үшін белгі жүйесі ретінде сөзді қолдануы. Вербальды емес коммуникация – қатынасу үшін тілден басқа белгілерді қосымша пайдалану (жест, мимика, дауыс ырғағы, көзбен жанасу). өзара мәлімет алмасу арқылы қарым-қатынасқа түскен адамдар сұқпаттаса келе, бірін бірі түсініп, танысады.

# *Пайдаланылган әдебиеттер:*

1. Кассирский И.А. О врачевании. - Москва: Медицина, 2004. - 271с.
2. Лисицин Ю.И. Медицинская этика, деонтология и биоэтика // Проблемы социальной гигиены и история медицины. - 2008. - №2. - С. 7-13.
3. Хотовицкий С.Ф. Педиатрика. - С. Петербург, 2005. - 856 с.
4. Шабалов Н.П. Детские болезни. - Санкт-Петербург: Питер, 2011. - 1080 с.
5. Коммуникативтік дағдырлар: анықтамалық / Караганд. гос. мед. ун-т ; жалпы ред. Л. Л. Мацеевская. Алматы : Эверо , 2013. 117 б. Библиогр.: 114117 б.
6. <http://ru.wikipedia.org>
7. [www.med.ru](http://www.med.ru)
8. [www.prav.ru](http://www.prav.ru)





НАЗАР ҚОЙЫП  
ТЫҢДАҒАНДАРЫҢ  
ЫЗА РАХМЕТ!!!!!!